

# Жеке мәліметтердің құпиялық саясаты

## ҚҰПИЯЛЫҚ САЯСАТ

Осы жеке мәліметтердің құпиялық саясаты (әрі қарай - Құпиялық саясат) [www.blogging.kz](http://www.blogging.kz) домендік атауында орналасқан «Alser» интернет-дүкені «Alser» интернет-дүкенін пайдалану уақытында Пайдаланушы туралы ала алатын барлық ақпаратқа қатысты әрекет етеді.

### 1. ТЕРМИНДЕРДІҢ АНЫҚТАМАСЫ

1.1. Осы Құпиялық саясатта мынадай терминдер қолданылады:

1.1.1. «Alser» интернет-дүкені сайтының әкімшілігі» (әрі қарай – сайт Әкімшілігі) – «Alser» тіркелген тауарлық белгісімен "Gulser Computers"(Гулсер Компьютерс) ЖШС атынан қызмет ететін сайтты басқаруға уәкілетті қызметкерлер, олар жеке мәліметтердің өңделуін іске асырады, сонымен бірге жеке мәліметтерді өңдеудің мақсаттарын анықтайды, өңдеуге жататын жеке мәліметтердің құрамын, жеке мәліметтермен жасалатын әрекеттерді (операцияларды) анықтайды.

1.1.2. «Жеке мәліметтер» - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын жеке мәліметтерге жатпайтын ақпаратты қоспағанда, анықталған немесе анықталатын жеке тұлғаға (жеке мәліметтердің субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат.

1.1.3. «Жеке мәліметтерді өңдеу» - автоматтандыру құрылғыларын қолданып немесе ондай құрылғылардың қолданылуынсыз жеке мәліметтерге жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы, соның ішінде жинақтау, жазу, жүйелеу, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгеріс енгізу), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), жеке тұлға атынан айыру, бұғаттау, өшіру, жою.

1.1.4. «Жеке мәліметтердің құпиялығы» - сайт Әкімшілігімен немесе жеке мәліметтерге қол жеткізген басқа да тұлғамен жеке мәліметтердің субъектісінің келісімініз немесе басқа да заңды негізсіз мәліметтердің таратылуын болдырмау талабын міндетті түрде орындау.

1.1.5. «Alser» интернет-дүкені сайтының пайдаланушысы (әрі қарай - Пайдаланушы) – интернет желісі арқылы Сайтқа қол жеткізе алатын және интернет-дүкен сайтын пайдаланатын жеке тұлға.

1.1.6. «Cookies» - веб-сервер жіберген және пайдаланушының компьютерінде сақталатын мәліметтердің кішкентай үзіндісі, ол тиісті сайт парақшасын ашу үшін HTTP-сұранымда әр кезде веб-клиент немесе веб-браузермен веб-серверге жіберіледі.

1.1.7. «IP-адрес» - IP хаттамасы бойынша құрылған компьютерлік желідегі тораптың бірден бір желілік адресі.

### 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Пайдаланушының «Alser» интернет-дүкенін пайдалануы оның осы Құпиялық саясатқа және Пайдаланушының жеке мәліметтерін өңдеу шарттарына келісуін білдіреді.

2.2. Құпиялық саясатпен келіспеген жағдайда Пайдаланушы «Alser» интернет-дүкенін пайдалануды тоқтату қажет.

2.3. Осы Құпиялық саясат тек қана "Gulser Computers"(Гулсер Компьютерс) ЖШС-не тиесілі «Alser» интернет-дүкені сайтына қатысты қолданылады. "Gulser Computers"(Гулсер Компьютерс) ЖШС және «Alser» интернет-дүкені Пайдаланушының «Alser» интернет-дүкені сайтында қолжетімді сілтемелер бойынша өте алатын басқа тұлғалардың сайттары үшін жауапты емес.

2.4. Сайт әкімшілігі «Alser» интернет-дүкені сайтының Пайдаланушысы ұсынған жеке мәліметтердің дұрыстығын тексермейді.

### **3. ҚҰПИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ МӘНІ**

3.1. Осы Құпиялық саясат Пайдаланушының «Alser» интернет-дүкені сайтында тіркелу немесе Тауар сатып алу үшін тапсырыс рәсімдеу кезінде сұраныс бойынша ұсынатын жеке мәліметтердің құпиялылығын қорғау тәртібін қамтамасыз ету және оларды жарияламау бойынша «Alser» интернет-дүкені сайтының Әкімшілігінің міндеттерін белгілейді.

3.2. Осы Құпиялық саясат аясында өңдеуге рұқсат берілетін жеке мәліметтер Пайдаланушымен «Alser» интернет-дүкені сайтындағы тіркеу формасын толтыру арқылы ұсынылады және келесі ақпаратты қамтиды:

3.2.1. Пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (әкесінің аты – өз еркінше);

3.2.2. Пайдаланушының байланыс телефоны;

3.2.3. Электронды поштаның адресі (e-mail);

3.2.4. Тауарды жеткізу мекен-жайы;

3.2.5. Пайдаланушының тұрғылықты жері.

3.3. «Alser» интернет-дүкені жарнамалық блоктарды көру процессінде және жүйенің статистикалық скрипті орнатылған парақшаларға өту кезінде автоматты түрде берілетін мәліметтерді қорғайды;

IP мекен-жайы;

cookies-тан ақпарат;

браузер (немесе жарнама көрсететін басқа бағдарлама) туралы ақпарат;

қол жеткізу уақыты;

жарнамалық блок орналасқан парақшаның мекен-жайы;

реферер (өткен парақшаның мекен-жайы).

3.3.1. Cookies өшіру «Alser» интернет-дүкені сайтының авторизациялануды талап ететін бөліктеріне кіре алмау жағдайына әкелуі мүмкі.

3.3.2. «Alser» интернет-дүкені өзінің келушілерінің IP мекен-жайлары туралы статистиканы жинайды. Бұл ақпарат техникалық ақауларды анықтау және шешу мақсатында, өткізілетін қаржылық төлемдердің заңдылығын бақылау үшін пайдаланады.

3.4. Осы Құпиялық саясаттың 5.2. және 5.3. тармақшаларында қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда басқа жоғарыда аталмаған кез келген жеке ақпарат (сатып алулар тарихы, қолданылатын браузерлер және операциялық жүйелер, т.б.) сенімді сақталуға және таратылмауға жатады.

### **4. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҒҢ ЖЕКЕ АҚПАРАТЫН ЖИНАУ МАҚСАТТАРЫ**

4.1. «Alser» интернет-дүкені сайтының Әкімшілігі Пайдаланушының жеке ақпаратын келесі мақсаттарда қолдана алады:

4.1.1. «Alser» интернет-дүкені сайтында тіркелген Пайдаланушыны идентификациялау, тапсырысты рәсімдеу және (немесе) тауарды сатып алу-сату Шартын қашықтан жасау.

4.1.2. Пайдаланушыға «Alser» интернет-дүкені сайтының дербестендірілген ресурстарына қол жеткізу.

- 4.1.3. Пайдаланушымен кері байланыс орнату, оның ішінде «Alser» интернет-дүкені сайты пайдалануға, қызмет көрсетуге қатысты хабарлама, сұраныс жіберу, Пайдаланушының сұраныстары мен мәлімдемелерін өңдеу.
- 4.1.4. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, айлакерлікті болдырмау мақсатында Пайдаланушының орналасқан мекен-жайын анықтау.
- 4.1.5. Пайдаланушы ұсынған жеке мәліметтердің сенімділігі мен толықтығын растау.
- 4.1.6. Сатып алулар жасау үшін есеп жазбасын жасау.
- 4.1.7. «Alser» интернет-дүкені сайтының Пайдаланушысына тапсырыс жағдайы туралы хабарлау.
- 4.1.8. Төлемдерді өңдеу және қабылдау, төлемді даулау.
- 4.1.9. Пайдаланушыға «Alser» интернет-дүкені сайты пайдаланумен байланысты мәселелер пайда болған кезде тиімді клиенттік және техникалық көмек көрсету.
- 4.1.10. Пайдаланушыға "Gulser Computers"(Гулсер Компьютерс) ЖШС және/немесе «Alser» интернет-дүкені атынан, немесе «Alser» интернет-дүкенінің әріптестерінің атынан арнайы ұсыныстар, бағалар туралы ақпарат, өткізіліп жатқан және алдағы науқандар туралы, жаңалықтар мен басқа да мәліметтер ұсыну. Сонымен бірге жарнамалық материалдарды жолдау жиілігі күніне бір хаттан және бір SMS-хабарламадан аспауы тиіс.
- 4.1.11. Жарнамалық қызметті іске асыру.
- 4.1.12. «Alser» интернет-дүкенінің әріптестерінің сайттарына немесе сервистеріне қол жеткізуді ұсыну.
- 4.2. Пайдаланушы «Хат соңында хат алудан бас тарту» сілтемесін түртіп немесе осы Күпиялық саясаттың 9.4. тармақшасында көрсетілген мекен-жайға немесе электрондық мекен-жайға тиісті хат жолдап хат алудан бас тартуға құқылы.

## **5. ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨНДЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

- 5.1. Пайдаланушының жеке мәліметтерін өңдеу мерзімі шектеусіз, кез келген заңды әдіспен іске асырылады, соның ішінде ақпараттық жүйелерде автоматтандыру құрылғыларын қолданып немесе ондай құрылғылардың қолданылуынсыз.
- 5.2. Пайдаланушы сайт Әкімшілігінің жеке мәліметтерді үшінші тұлғаларға беру құқығы бар екендігіне келіседі, атап айтқанда, курьерлік қызметке, пошталық байланыс ұйымдарына, электр байланыс операторларына, тек «Alser» интернет-дүкенінде рәсімделген Пайдаланушының тапсырмаларын орындау мақсатында, соның ішінде тауарды жеткізіп беру үшін.
- 5.3. Пайдаланушының жеке мәліметтері Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген негізде және тәртіпте Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігінің уәкілетті органдарына берілуі мүмкін.
- 5.4. Жеке мәліметтер жойылған немесе жарияланған кезде сайт Әкімшілігі Пайдаланушыны жеке мәліметтердің жойылғаны немесе жарияланғаны туралы ақпараттандырады.
- 5.5. Сайт Әкімшілігі Пайдаланушының жеке ақпаратын заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жойылудан, өзгертілуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратылудан, сонымен қатар үшінші тұлғалардың басқа да заңға қарсы әрекеттерінен қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларын қабылдайды.
- 5.6. Сайт Әкімшілігі Пайдаланушының жеке мәліметтерін жойылудан немесе жарияланудан болатын шығындардың және басқа да жағымсыз салдардың алдын алу бойынша Пайдаланушымен бірге барлық қажетті шаралар қабылдайды.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

### **6.1. Пайдаланушы міндетті:**

6.1.1. «Alser» интернет-дүкенінің сайтымен пайдалану үшін қажетті жеке мәліметтер туралы ақпарат ұсыну.

6.1.2. Жеке мәліметтер өзгерген кезде ұсынылған жеке мәліметтер туралы ақпаратты жаңарту, толықтыру.

### **6.2. Сайт Әкімшілігі міндетті:**

6.2.1. Алған ақпаратты тек қана Құпиялық саясаттың 4 тармағында көрсетілген мақсаттар үшін пайдалану.

6.2.2. Құпиялы ақпараттың құпияда сақталуын қамтамасыз ету, Пайдаланушының алдын ала қол қойылған келісімсіз құпияны ашпауға, сонымен қатар Құпиялық саясаттың 5.2. және 5.3. тармақшаларында көрсетілген жағдайларды есепке алмағанда Пайдаланушы берген жеке мәліметтерді сатпау, айырбастамау, жарияламау, немесе басқа да мүмкін әдістермен таратуды болдырмау.

6.2.3. Пайдаланушының жеке мәліметтерінің құпиялылығын қорғау мақсатында сол сияқты ақпаратты қорғау үшін әдетте қолданылатын іскерлік айналымдағы тәртіпке сәйкес сақтық шараларын қабылдау.

6.2.4. Пайдаланушының немесе оның заңды өкілінің немесе жеке мәліметтер субъектілерінің құқығын қорғау бойынша уәкілетті органның күмәнді жеке мәліметтердің немесе заңсыз әрекеттердің анықталуы жағдайында тексеру кезеңіне сәйкес Пайдаланушыға тиесілі жеке мәліметтерді бұғаттауды іске асыру.

## **7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

7.1. Құпиялық саясаттың 5.2., 5.3. және 7.2. тармақшаларында қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда өз міндеттерін орындамаған сайт Әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке мәліметтерді заңсыз қолдануға байланысты Пайдаланушы шеккен нақты залал сомасымен шектелген шығындар үшін жауапкершілікке тартылады.

7.2. Құпия ақпарат жойылса немесе жарияланған кезде, егер осы құпия ақпаратпен төмендегідей жағдайлар болса, сайт Әкімшілігі жауапты болмайды:

7.2.1. Ақпарат жойылғанға немесе жарияланғанға дейін жалпыға мәлім болса.

7.2.2. Сайт әкімшілігі ақпаратты Пайдаланушыдан алғанға дейін үшінші тараптан алса.

7.2.3. Пайдаланушы рұқсатымен жарияланған кезде.

## **8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

8.1. «Alser» интернет-дүкені сайтының Пайдаланушысы және сайт Әкімшілігі, "Gulser Computers"(Гулсер Компьютерс) ЖШС арасындағы қарым-қатынастан пайда болған даулар бойынша сотқа шағымданбас бұрын наразылық (дауды өз еркімен шешу туралы жазбаша ұсыныс) ұсыну міндетті болып табылады.

8.2. Наразылық алушы наразылық алған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ағымында наразылық жіберушіні оны қарастыру нәтижелері туралы жазбаша хабарландырады.

8.3. Келісімге келмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасына сәйкес сот органына қарастыруға жіберілетін болады.

8.4. Осы Құпиялық саясатқа және Пайдаланушы мен сайт Әкімшілігі, "Gulser Computers"(Гулсер Компьютерс) ЖШС арасындағы қарым-қатынасқа Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасы қолданылады.

## **9. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

9.1. Сайт Әкімшілігі Пайдаланушының келісімінсіз осы Құпиялық саясатқа өзгеріс енгізуге құқылы.

9.2. Егер Құпиялық саясаттың жаңа редакциясында басқа шарт қарастырылмаған жағдайда, Жаңа Құпиялық саясат оның «Alser» интернет-дүкені сайтында жариялану кезінен бастап күшіне енеді.

9.3. Осы Құпиялық саясат бойынша барлық ұсыныстар мен сұрақтар «Alser» интернет-дүкені сайтындағы «Пікірлер мен ұсыныстар» бөлімінде хабарлау қажет.

9.4. "Gulser Computers"(Гулсер Компьютерс) ЖШС мекен-жайы: Алматы қ., Суюнбая даңғ. 2, Мерей СҮ, литер В, корпус 1.

Пайдаланушыларды қолдау қызметінің электрондық поштасы: [Shop@Alser.kz](mailto:Shop@Alser.kz);

Жұмыс уақыты: ДС – ЖК 9:00 - 20:00.